

## 2017 жылды өткізілетін бірыңғай мемлекеттік сатып алушардың кейбір мәселелері туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 18 қантардағы № 15 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 қантарда № 5701 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасының Заңына және "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Қазалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Тапсырыс берушілер үшін "Қазалы аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастыруышы болып айқындалсын.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізууді бірыңғай ұйымдастыруыш орындаитын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер айқындалсын.

3. "Қазалы аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Ш.Сыдықов) заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындаитын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазалы ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

АУДАН ӘКІМІ

Н. ШАМУРАТОВ

Қазалы ауданы әкімдігінің  
2017 жылғы "18" қантардағы  
№ 15 қаулысына қосымша

## Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізууді бірыңғай ұйымдастыруыш орындаитын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер

№ п/с	Атауы
1.	Тауарлар:
1)	Сұйық отын (оларды сатып алуға бөлінген қаржы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он мың еселенген мөлшерінен асқан жағдайда)
2.	Жұмыстар:

1)	Қызылорда облысы Қазалы ауданы Бірлік елді мекеніндегі Тәуелсіздік және Рамберді ишан көшөлөрін орташа жөндеу
3.	Көрсетілетін қызметтер:
1)	Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің ғимаратын күзет қызметімен қамтамасыз ету

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК